

ПІКІР

«8D08401 – Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» мамандығының PhD-докторанты Тұрсыналі М.Т-ның «Балқаш бассейніндегі *Oncorhynchus mykiss* балығының жерсіндірілген және мәдени табындарының фенетикалық әртүрлілігі мен биологиялық өзгергіштігін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бойынша отандық ғылыми кеңесшінің пікірі

Биологиялық инвазиялар табиғи биологиялық әртүрлілікке, экожүйелердің тұрақтылығына және мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігіне ең қауіпті қатерлердің бірі болып табылады. Микижа *Oncorhynchus mykiss* – аквакультура мен әуесқой балық аулаудың ең маңызды нысандарының бірі, сондықтан бұл балықты Антарктидадан басқа барлық құрлықтардағы жасанды және табиғи су айдындарына өсіріп, жерсіндірді. Көп жағдайда микижаны жерсіндіру апатты салдарға алып келді, дегенмен бұл түрді интродукциялаудың бейтарап немесе аздаған оң әсер берген бірнеше мысалдары белгілі. Балқаш бассейнінің су айдындарына Чехословакия су айдындарынан микижаның үй жағдайына бейімделген түрін және Камчатка су айдындарынан жабайы микижаны жерсіндірді. Көлсайдың Төменгі және Ортаңғы көлдерінде натурализацияланған микижаның жағдайын «Көлсай көлдері» ұлттық табиғи паркі мен Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының қызметкерлері тұрақты түрде бақылап отырады, алайда басқа су айдындарындағы жағдай туралы соңғы 40 жылда мәлімет жоқ. Қазақстанда микижаның өз аналық табыны 1990-жылдардың басында жойылып кеткендіктен, қазіргі уақытта фермерлер шетелден отырғызу материалдарын сатып алуға мәжбүр. Қазақстан Республикасында аквакультураның қарқынды дамуы жағдайында микижаның табиғи және жабайы популяцияларын зерттеу екі маңызды себепке байланысты қажет: 1) қоршаған ортаға келетін залалды болдырмау және 2) аквакультурада ұстауға ең жақсы табындарды іріктеу. Сондықтан диссертация тақырыбы ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан өзекті болып табылады.

Тұрсыналі М.Т. диссертация тақырыбын, оның мақсаты мен міндеттерін анықтауда, материалды жинау және өңдеуде үлкен дербестік танытты. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде ғылыми және практикалық маңызы зор жаңа деректер алынды: Балқаш бассейніндегі микижаның жабайы табындарының қазіргі таралуы мен жағдайы анықталып, әртүрлі шыққан тегі бар микижа табындарының балық өсіру сапаларына салыстырмалы баға берілді. Алғашқы мәліметтерді өңдеу көпөлшемді математикалық талдау әдістерін қолдану арқылы жүргізілді. Алынған нәтижелер халықаралық тәжірибемен салыстырыла отырып талқыланды. Диссертацияның мазмұны сауатты және логикалық тұрғыдан бірізділікпен жазылған.

Менің ойымша, докторант Тұрсыналі М.Т. қойылған барлық міндеттерді толық орындады, ал оның «Балқаш бассейніндегі *Oncorhynchus mykiss* жерсіндірілген және мәдени табындарының фенетикалық әртүрлілігі мен биологиялық өзгергіштігін зерттеу» тақырыбындағы диссертациясы қорғауға ұсынылуы мүмкін, ал докторант «8D08401 – Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Отандық кеңесші,
биология ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биоалуантүрлілік
және биоресурстар кафедрасының доценті

Мамилов Н.Ш

Мамилов Н.Ш

Қолым растаймын
Подпись заводится

Шугарова М.А.